

ғылыми кеңесші, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор Нургазезова Алмагул Нургазезовнаның
6D073500 – «Тағам қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған
Атамбаева Жибек Манаповнаның

**«Өсімдік компоненттерін пайдалана отырып,
құрама ет өнімін әзірлеу кезінде сапа мен қауіпсіздікті
қамтамасыз етудің кешенді жүйесі» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Қазіргі таңда азық-түлік өндірісінің маңызды міндеттерінің бірі - жергілікті ресурстарды ұтымды пайдалана отырып, тұтынушылық қасиеттері жоғары сапалы өнім түрлерінің ассортиментін кеңейту болып табылады.

Ізденушінің диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы осы мәселені шешуге бағытталған. Диссертациялық жұмыс негізгінен өсімдік компоненттерін, атап айтқанда, өнген дәнді-дақылдарды пайдалана отырып, ет өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кешенді жүйесін әзірлеуге бағытталған.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты - негізгі шикізат жылқы мен тауық етіне сублимациялық әдіспен кептірілген өнген жасыл қарақұмықты қолдана отырып, биологиялық құндылығы жоғары жартылай ет фабрикаттарының рецептурасы мен технологиясын және сапа мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенді жүйесін әзірлеу болып табылады.

Осы орайда, НАССР және ISO 22000 қағидаттарын технологиялық мониторинг элементтерімен біріктіру негізінде өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кешенді жүйесінің моделі қалыптастырылып, ет пен өсімдік текті жартылай фабрикаттарды өндіру барысында бақылауға алынатын сыни нүктелер анықталып, НАССР жоспары әзірленді.

Диссертациялық жұмыс отандық ғалымдардың, оның ішінде 30 жылдық тарихы бар өз университетіміздің диссертациялық кеңесінде қорғалған ғылыми жұмыстарды (Б.К. Асенова, Г.Т. Кажыбаева, Ж.Х. Тохтаров, Г.Т. Жуманова, Б.А. Идырышев) негізге ала отырып орындалды. Ізденуші Атамбаева Ж.М. диссертациялық жұмыстың мақсатына сай қойылған барлық міндеттерді толығымен орындауға қол жеткізе алды.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша, ізденушінің негізгі ғылыми нәтижелері 13 ғылыми басылымда жарық көрді, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін импакт-факторы нөлдік емес журналда – 3 ғылыми мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 4 мақала, ғылыми басылымдарда 3 мақала, Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдарында 2 мақаласы жарияланды. Сонымен қатар, «Құрама ет-өсімдік жартылай фабрикатын дайындауға арналған құрам» Қазақстан Республикасының пайдалы моделіне патент алынды (№ 5173 патент, 26.03.2020 ж).

Диссертациялық жұмысты орындау барысында және ғылыми-зерттеулер жүргізу кезінде Атамбаева Жибек Манаповна «Өсімдік компоненттерін пайдалана отырып, құрама ет өнімін әзірлеу кезінде сапа мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенді жүйесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын толық көлемде орындады және 6D073500 – Тағам қауіпсіздігі білім беру бағдарламасы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

А.Н. Нургазезова

